

БЕКІТІЛДІ
Адвокаттар алқаларының
респубикалық конференциясы
2018 жылғы 23 қараша

**Қазақстан Республикасының
адвокаттарымен кешенді әлеуметтік заң қомегін көрсетудің
көлемі мен тәртібі туралы ереже**

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Қазақстан Республикасының адвокаттарымен кешенді әлеуметтік заң қомегін көрсетудің көлемі мен тәртібі туралы ереже «Адвокаттық қызмет және заң қомегі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабына және 67-бабының 2-тармағының 18) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Кешенді әлеуметтік заң қомегі – адвокаттардың шартқа сәйкес осы Ереженің 8-тармағында аталған тұлғаларға заң қомегін көрсету және клиентті заң қомегін сұрап өтініш жасаған кезінен бастап, Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіпте іс бойынша қорытынды құқықтық шешім қабылданғанға дейін құқықтық сүйемелдеу болып табылады.

3. Кешенді әлеуметтік заң қомегін көрсету адвокаттардың әлеуметтік жауапкершілігінің іске асыру нысандарының бірі болып табылады және ерікті түрде жүзеге асырылады.

4. Адвокаттар кешенді әлеуметтік заң қомегін көрсету кезінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Адвокаттық қызмет және заң қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңын, Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексін, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексін, Қазақстан Республикасының Өкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексін, Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерін, сондай-ақ аумақтық адвокаттар алқалары мен Республикалық адвокаттар алқасының Жарғыларын, олардың басқару органдарының шешімдерін және осы Ережені басшылыққа алады.

**2. КЕШЕНДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЗАҢ ҚӨМЕГІН КӨРСЕТУДІҢ
МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРИ**

5. Кешенді әлеуметтік заң қомегі көрсетудің мақсаттары:

1) азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруға, олардың заңды мүдделерін қорғауға, азаматтардың әлеуметтік қорғалу деңгейін арттыру және азаматтардың әділсotқа қол жетімділігін қамтамасыз етілуіне жәрдем беру;

2) құқықтық ағарту және халықтың құқықтық мәдениет деңгейін арттыру.

6. Кешенді әлеуметтік заң қомегін көрсетудің міндеттері:

1) Қазақстан Республикасы заңнамасында және осы Ережеге сәйкес, тегін заң көмегін алуға құқылы тұлғаларға заң көмегін көрсету.

2) азаматтардың және әлеуметтік бағдарланған коммерциялық емес ұйымдардың құқықтық мәдениет деңгейін арттыру бойынша кешенді ішараларды жүзеге асыру.

3. КЕШЕНДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЗАҢ ҚЫЗМЕТИН КӨРСЕТУ ТӘРТІБІ

7. Кешенді әлеуметтік заң көмегін көрсету субъектілері қесіптік қызметті заң консультациялар, адвокаттық қеңселер және жеке-дара жүзеге асыратын адвокаттар болып табылады.

8. Кешенді әлеуметтік заң қызметі келесі тұлғаларға көрсетілуі мүмкін:

1) «Арнайы әлеуметтік қызметтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес, қыын өмірлік жағдайда жүрген адамдарға;

2) атаулы әлеуметтік көмекке құқығы бар тұлғаларға;

3) Ұлы Отан соғысының қатысуышыларына және оларға теңестірілген адамдарға;

4) бірінші және екінші топтардағы мүгедектерге;

5) жасына байланысты зейнеткерлерге;

6) қарттар мен мүгедектерге арналған жалпы типтегі медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) тұратын қарттар мен мүгедектерге;

7) қыын әлеуметтік және қаржылық жағдайда жүрген өзге де адамдарға көрсетілуі мүмкін.

9. Кешенді әлеуметтік заң көмегін көрсету үшін жүгінген тұлға жеке басын қуәландыратын және осы Ереженің 8-тармағында көзделген тиісті топқа қатыстырылғын растайтын құжаттарды ұсынады.

4. КЕШЕНДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЗАҢ КӨМЕГІН КӨРСЕТУ КӨЛЕМІ

10. Кешенді әлеуметтік заң көмегі азаматтық сот ісін жүргізу шенберінде қесіпкерлік қызметке байланысты даулар бойынша көрсетілмейді.

11. Кешенді әлеуметтік заң көмегі келесі түрде көрсетілуі мүмкін:

1) құқықтық ақпарат беру;

2) құқықтық қеңес беру;

3) ақысыз заң көмегін алу үшін жүгінген тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында қолданыстағы немесе ықтимал құқықтық қатынастардың қатысуышылары болып табылатын кез келген тұлғалармен өзара іс-қимыл жасауда клиенттің заңды мүдделерін қорғау үшін өзге құқықтық әрекеттесуді жүзеге асыру.

12. Ерікті түрде көрсетілетін кешенді әлеуметтік заң көмегінің қөлемін оның субъектілері дербес айқындайды.

13. Көрсетілген кешенді әлеуметтік заң көмегінің көлемі туралы мәліметтер аумақтық адвокаттар алқаларының және Республикалық адвокаттар алқасының интернет-ресурстарында жарияланады.

5. АДВОКАТТАРДЫ КЕШЕНДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЗАҢ КӨМЕГІН КӨРСЕТУГЕ ҮНТАЛАНДЫРУ

14. Аумақтық адвокаттар алқаларының тәралқалары адвокаттарды кешенді әлеуметтік заң көмегін көрсетуге үнталандыру үшін келесі іс-шараларды жүзеге асыруға құқылы:

1) мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету жүйесіне қатысатын адвокаттар тізіміне енгізілуіне артықшылықты құқығын беруі;

2) бұқаралық ақпарат құралдарында немесе әлеуметтік желілерде адвокаттардың кешенді әлеуметтік заң көмегін көрсету тәжірибесі туралы ақпаратты жариялау;

3) аумақтық адвокаттар алқаларының және Республикалық адвокаттар алқасының интернет-ресурстарында кешенді әлеуметтік заң көмегінің жүйесін дамытуға белсенді қатысатын адвокаттар туралы ақпаратты орналастыру;

4) Қазақстан Республикасының заннамасына қайшы келмейтін өзге де тәсілдерді жүзеге асыру.

15. Мемлекет Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін тәртіппен кешенді әлеуметтік заң көмегін көрсетуге елеулі үлес қосуды үнталандырады